


# «ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА ЖАДЫНАМА

Алматы, 2026 жыл



## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР



Осы сервисті пайдалана отырып:

- 1) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті, бұрын осы өтініш түрін берген адамдарды қоспағанда, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты;
- 2) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті:
  - елу жасқа толуға байланысты;
  - мүгедектіктің белгіленуіне байланысты беруге болады.



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗК интернет-ресурсының және (немесе) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқор сервисінің (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, қызмет тәулік бойы қолжетімді

Қызмет көрсету және нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық (автоматтандырылған)

Қызмет келесі жағдайларда қолжетімді:

- жеке зейнетақы шотында (-тарында) (бұдан әрі - ЖЗШ) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ және (немесе) ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары болған кезде
- өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ЭЦҚ) өзекті кілті болған кезде
- дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім болған кезде
- БЖЗК АЖда зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы қолданыстағы өтініш болмаған, ағымдағы жылы жүзеге асырылған, МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемінің жылдық сомасы болмаған, екінші деңгейдегі банктен (бұдан әрі - ЕДБ)/ «Қазпошта» АҚ-дан төлемді қайтару болмаған кезде
- ЖТ МДҚ-да Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжат туралы мәліметтер болған және өтініш берушінің әрекетке қабілетсіздігі (әрекетке қабілеттілігін шектеу) туралы мәліметтер болмаған кезде
- өтініш берушінің ЭЦҚ сертификатындағы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректері ЖТ МДҚ-дағы деректерге сәйкес келген кезде
- өтініш берушінің ЕДБ/ «Қазпошта» АҚ-да Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ашылған банктік шоты болған кезде
- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - МО АЖ), егер өтініш беруші мүгедектігі бар адам болса, белгіленген мүгедектік туралы растайтын мәліметтер болған кезде

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге келесі тәсілдермен авторлану мүмкіндігін береді:




ЭЦҚ кілтінің көмегімен



логин (ЖСН) және парольдің көмегімен



eGov mobile көмегімен



«Жеке кабинетте» авторлану тәртібімен «БЖЗҚ» АҚ-ның интернет-ресурсында: Онлайн қызметтер/Жадынамалар және электрондық қызметтер стандарттары/ «Жеке кабинет» пайдаланушысының жадынамасы бөлімінде танысуға болады



БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында авторланғаннан кейін Жеке кабинетте «Қызметтер» бөлімінде қызмет түрін таңдау қажет :



Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру



Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштің электрондық нысанын толтырар алдында мынадай хабарлама шығады:

Хабарландыру

**Құрметті Алушы!**

Сіз аталған қызметті:  
мерзімсіз белгіленген I, II топтағы мүгедектікке байланысты міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;  
50 жасқа толуына/белгіленген мүгедектікке «БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жинақтарының болуына байланысты ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш берген жағдайда пайдалана аласыз.

Қызметті алу талаптары:

- ✓ «БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жинақтарының болуы;
- ✓ электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы (бұдан әрі – ЭЦҚ);
- ✓ Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) ашылған банктік шоттың болуы;
- ✓ Жеке зейнетақы шотының (-тарының) бұғатталмауы.

**Қызметті қалай онлайн алуға болады**  
Өтінішті ЭЦҚ пайдалана отырып, оның ішінде QR-кодпен толтыру және қол қою арқылы алуға болады.

**Қызметті көрсету нәтижесі**  
«БЖЗҚ» АҚ жауапты қызметкерінің ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттарды қабылдау немесе бас тарту себебі көрсетілген құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы туралы қолхатты алу.

**Қызметтің орындалуын қалай бақылауға болады**  
«БЖЗҚ» АҚ-да тіркелген өтініштің орындалу мәртебесін Сіз жеке кабинеттегі «Қызметтер» - «Менің төлемге/ аударуға өтініштерім» бөлімінен бақылай аласыз.

ОК

## «Жеке басты куәландыратын құжат» блогы

Төмендегі жолдар түзету мүмкіндігінсіз ЖТ МДҚ-дан автоматты түрде толтырылады:

Құжат түрі (жеке басты куәландыратын бірнеше қолданыстағы құжаттар болған жағдайда, қажетті құжатты таңдау мүмкіндігі бар)

Сериясы (бар болса)

Құжат нөмірі

Берілген күні

Қолданыс мерзімі

Кім берді

x

Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру

**1** Жеке басты куәландыратын шарт

<small>Құжат типі</small>	<small>Сериясы</small>	<small>Құжат нөмірі</small>
ЖЕКЕ КУӘЛІК ▾	<input type="text" value="Сериясы"/>	<input type="text" value="047373987"/>
<small>Берілген күні</small>	<small>Қолданылатын мерзімі</small>	
<input type="text" value="11.11.2020"/>	<input type="text" value="10.11.2030"/>	
<small>Кім берді</small>		
<input type="text" value="МВД РК"/>		

- !** ЖТ МДҚ-да бірнеше қолданыстағы құжаттар туралы мәліметтер болған кезде құжаттың қажетті түрін таңдау мүмкіндігі ұсынылады. Егер құжаттың таңдалған түрі бойынша мәліметтер БЖЗҚ АЖ-дағы мәліметтерден өзгеше болса, өтінішке қол қою кезінде БЖЗҚ АЖ-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады

## «Жеке зейнетақы шоты (жарналардың түрі: МЗЖ/МКЗЖ/ЕЗЖ есепке алу үшін)» блогы

- ЖЗШ түрі (қажетті ЖЗШ таңдау)

## «ТӨЛЕМДЕР» БЛОГЫ

- Төлем түрі (жасына байланысты төлем, мүгедектігі бар адамдарға төлем)
- Төлем түрі (ішінара/толық)
- Белгіленген сома түрінде (егер өтініш беруші **ЕЗЖ есепке алу бойынша өтініш беру кезінде төлемдердің ай сайынғы сомасын тіркесе, құсбелгі қойылады**)
- Қызмет көрсету өңірі (өңірді таңдау)
- Кезеңділігі (ай сайын/ біржолғы/жыл сайын)
- Сомасы (соманы цифрмен енгізу)

**Ескертпе:** 01.01.2018 ж.бастап кесте бойынша (мерзімсіз белгіленген 1 және 2 топтағы мүгедектігі болған / зейнеткерлік жасқа жеткен кезде адамдарға) зейнетақы төлемдері ай сайынғы кезеңділікпен тағайындалады.

## «Банктік деректемелер» блогы

- ✓ Бенефициардың ТАӨ (алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады);
- ✓ Бенефициардың ЖСН (алушының деректемелерінен автоматты түрде толтырылады);
- ✓ «Сіздің банктік шотыңыздың деректемелерінде Әкеңіздің аты көрсетілген бе?» (иә немесе жоқ);
- ✓ Шотты таңдау (карталық немесе ағымдағы шот);
- ✓ Алушының ЖСК/IBAN (20 таңбалы банк шотын көрсету);
- ✓ Төлем валютасы (Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы автоматты түрде көрсетіледі, KZT);
- ✓ Банк атауы (анықтамалықтан таңдау);
- ✓ БСК (таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады);
- ✓ БСН (таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады);
- ✓ Банктің ЖСК/IBAN (таңдалған филиал/бөлімше атауы негізінде автоматты түрде толтырылады).

**4 Банк деректемелері**

Бенефициар ТАӨ

Бенефициар ЖСН

Шотты таңдау

Төлем валютасы

Сіздің банк шотыңыздың деректемелерінде әкеңіздің аты көрсетілген бе?  
 Иә  Жоқ

Банк атауы

Филиал/бөлімше атауы:

Алушы ЖСК/IBAN

Банк БСК  Банк БСН  Банк ЖСК/IBAN

Өтініш беруші әкесінің аты жоқ, банктік деректемелерді ұсынған жағдайда, тиісті белгі қою қажет;

«Шотты таңдау», «Банктің атауы» деген жолдарды толтыру кезектілігін сақтау қажет. Банк шотының деректемелерінде әкесінің аты бар/жоқ екенін көрсету қажет

## «Байланыс ақпараты» блогы

- Мына мекенжайда тұрамын (облыс, қала, көше, үй);
- Пәтер (пәтер нөмірі);
- Ұялы телефон;
- Индекс (ескі) (индексті жазу);
- Байланыс телефоны;
- E-mail (латын әріптерімен электрондық мекенжайы);
- Индекс (жаңа) («Қазпошта» АҚ web-сервисі қолжетімді болған және «Қазпошта» АҚ пошталық мекенжайлар анықтамалығынан тұрғылықты мекенжай таңдалған кезде автоматты түрде толтырылады).



Барлық ақпаратты толтырғаннан кейін өтінішке ЭЦҚ кілтінің көмегімен немесе QR-мен қол қою керек

**!** Байланыс деректерінде өтініш берушінің өзіне тиесілі ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық мекенжайын көрсету қажет, өйткені БЖЗҚ-дан ақпараттық жіберілімдерді жүзеге асыру үшін, оның ішінде БЖЗҚ зейнетақы төлемін өтініш берушінің банк шотына аударған кезде, сондай-ақ зейнетақы төлемін ЕДБ/ «Қазпошта» АҚ БЖЗҚ-ға қайтарған жағдайда БЖЗҚ пайдаланады

Область, город, улица, дом (заполняется строго на кириллице)

**5** Байланысатын ақпарат

Байланысатын телефон:  Ұялы телефон:

E-mail:

«БЖЗҚ» АҚ-ға, БСН 971240002115:  
 — Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда ғана, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге және үшінші тұлғаларға беруге (оларды трансшекаралық беру және жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату құқығынсыз);  
 — ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы менің телефон нөміріме және (немесе) электрондық мекенжайға ақпараттық жіберілімдерді алуға келісімді беремін.

Мен осы Келісімді Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттемелерін орындағанға дейінгі мерзімге бердім. www.enpf.kz мекенжайы бойынша «БЖЗҚ» АҚ веб-сайтында орналастырылған, «БЖЗҚ» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесімен таныстым.

Маған зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мерзімінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттар БЖЗҚ-ға түскен не қабылданған күннен бастап есептелетіні ескерілді.


Өтініште көрсетілген барлық деректемелерді тексергенімді және олардың дұрыс екендігін растаймын.

Осы электрондық өтінішке қол қоя отырып, Сіз мынадай құжатқа қол қоясыз:  
 — зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш:


## Өтінішке қол қою



Өтінішті толтырғаннан кейін өтінішке қол қою тәсілін таңдау керек:




«ЭЦҚ-мен қол қою» тәсілін таңдағанда «Сертификатты таңдау» батырмасын таңдау қажет, бұл батырма міндетті түрде толтырылуы тиіс барлық жолдарды толтыру кезінде белсенді болады



«ЭЦҚ-мен қол қою» тәсілін таңдау кезінде дербес компьютерде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі – БҚ) болуы міндетті.

NCALayer орнатылмаған жағдайда, NCALayer БҚ орнату файлы жүктеу қажет. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушы нұсқаулығы ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының сайтында келесі: <https://pki.gov.kz/ncalayer/> сілтемесі бойынша қолжетімді.



Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (GOST файл сертификаты деп аталады), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалогтық терезесін ашып, осы файлға жолды көрсету керек.



 «QR кодымен қол қою» тәсілін таңдау кезінде толық қадамдық нұсқаулық және өтінішке қол қою үшін QR коды шығады

QR қол қою

QR-код арқылы қол қою үшін eGov Mobile қосымшасын ашу қажет


Егер eGov Mobile қосымшаңыз жоқ болса, оны ресми сілтеме бойынша орнатыңыз


 

1. Құрылғыңызда орнатылған eGov Mobile ашыңыз

2. Басты беттің жоғарғы оң бұрышындағы QR сканерін ашыңыз



3. Кодты оқу үшін телефонның камерасын сол QR-ға беттеңіз





Бұл қол қою тәсілі **eGov mobile** интеграциясы негізінде жүзеге асырылады, сондықтан өтініш беруші бұл қосымшаны ұялы телефонына орнатып, авторлануы керек. **«QR-мен қол қою»** батырмасын басқаннан кейін Қор серверіне сілтемені қамтитын QR-код жасалады. Бұл QR кодын EGOV mobile мобильді қосымшасының көмегімен сканерлеу керек, оның жоғарғы оң жақ бұрышында QR кодтарын оқуға арналған белгі бар.

QR кодты сканерлегеннен кейін қол қойылатын құжатты көрсететін терезе ашылады. Әрі қарай, **«Қол қою»** батырмасын басу арқылы пайдаланушы құжатқа қол қоюды аяқтауы керек. Нәтижесінде **«Қол қою сәтті аяқталды»** деген хабарлама шығуы керек.



Берілген өтініштің мәртебесін келесі қосымша бетте тексеруге болады:



Менің төлемдер / аударымдар туралы өтініштерім / ЕЗЖ қайтару



**Рақмет!**

